



Бекітемін

Мектеп директоры:

Ө.Ахметов

Кітапхананы пайдалану кезіндегі техника қауіпсіздігін сақтау

ИНСТРУКЦИЯСЫ

1. Техника қауіпсіздігін сақтаудың жалпы талабы:

- 1.1. Кітапхананы медициналық тексеруден өткен және техника қауіпсіздігі ережесімен танысқан 1-9 сынып оқушылары пайдаланады;
- 1.2. Оқушы кітаппен немесе компьютермен жұмыс жасап жатқан кезде бойын тік ұстап, қисаймай отыруы қажет;
- 1.3. Кітапханада өрт қауіпсіздігінің ережесін және өрт сөндіру құралының тұратын жерін білуі қажет;
- 1.4. Қауіп төнген, қолайсыздық туған жағдайда зардап шегуші немесе қасындағы адам дереу кітапханашыға айтуы қажет. Кітапханашы дер кезінде мектеп әкімшілігіне хабар береді;
- 1.5. Қайшыны, үшкір заттарды қолданбау, ашық тұрған терезеден қолын, басын шығармау, кітапханашының рұқсатынсыз қорға кірмеу талаптарын орындау.

2. Кітапханадағы техника қауіпсіздігі ережесі:

- 2.1. Кітапханаға кіре берісті стеллаждармен, кітаптармен немесе басқа да материалдармен жауып тастамау;
 - 2.2. Жарықтандыруды 40-60 Вт бір лампалы сөреаралық өтпелінің әрбір өтпелінің 2 метріне, 75 Вт лампы әр-бір 4-5 метріне есептеп қойылуын қамтамасыз ету;
 - 2.3. Стеллаждардың арасы мемлекеттік стандартқа сай сөрелердің арасындағы өтпенің ені-0.75 м, қабырға мен сөресінің арасы-0.75 м, негізгі өтпенің арасы-1.2м болу;
 - 2.4. Қорды сақтауға қолайлы және келушілерге де ыңғайлы кітапханадағы температура 17-19*С, ауаның қатысты ылғалдылығы 55% құрауы қажет;
 - 2.5. Кітапханада әр айда тазалық күнін ұйымдастыру қажет;
- Бұл күні оқырмандарға қызмет көрсетілмейді.